

Көліктік бақылау саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау критерийлерін және тексеру парақтарының нысандарын бекіту туралы

Мерзімі біткен

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2010 жылғы 17 ақпандағы N 91 және Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2010 жылғы 24 ақпандағы N 95 Бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 2 наурызда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 6095 болып енгізілді. 2011 жылғы 20 қаңтарға дейін қолданыста болды

З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і !

Бұйрықтың қолданыста болу мерзімі - 20.01.2011 дейін (осы бұйрықтың 4-т. қараңыз)

Қазақстан Республикасының "Жеке кәсіпкерлік туралы" Заңының 38-бабының 2-тармағын іске асыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫЗ:**

1. Мыналар бекітілсін:

1) Көліктік бақылау саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау критерийлері осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес;

2) автомобиль, темір жол, су көлігіндегі бақылау саласындағы тексерулер бойынша тексеру парақтарының нысандары осы бұйрыққа 2, 3 және 4-қосымшаларға сәйкес.

2. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Заң департаменті (Б.Е. Қазбеков) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің интернет-ресурстарында жариялануын қамтамасыз етсін.

3) Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Көліктік бақылау комитетіне (Ә.Н. Барменқұлов) жүктелсін.

4) Осы бірлескен бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді, оны бірінші ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2011 жылғы 20 қаңтарға дейін қолданылады.

Қазақстан	Республикасының	Қазақстан	Республикасының		
Көлік	және	коммуникация	Экономика	және	бюджеттік
М и н и с т р і		жоспарлау			министрі
_____	Ә. Құсайынов	_____	Б. Сұлтанов		

Қазақстан Республикасы
Көлік және коммуникация
министрінің
2010 жылғы 17 ақпандағы
№ 91 және
Қазақстан Республикасы
Экономика және бюджеттік
жоспарлау министрінің
2010 жылғы 24 ақпандағы
№ 95 бірлескен бұйрығына
1-қосымша

Көліктік бақылау саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау критерийлері

1. Осы Тәуекел дәрежесін бағалау критерийлері (бұдан әрі - Критерий) "Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді.

2. Критерийлерде мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

тәуекел – бұл көлік оқиғаларының, апаттардың және авариялардың нәтижесінде, оның салдарының ауырлығын есепке ала отырып, адамдардың өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға, азаматтардың, заңды тұлғалар мен мемлекеттің мүддесіне зиян келтіру ықтималдығы;

бақылау субъектісі – көлік саласындағы жолаушыларды, жүктер мен багажды тасымалдаумен, оларға қызмет көрсетумен және әуе көлігін қоспағанда, көліктің барлық түрлерін техникалық реттеумен байланысты қызметті жүзеге асыратын заңды немесе жеке тұлға.

3. Бақылау субъектілерін тәуекел дәрежесіне қарай бөлу екі кезеңде жүзеге асырылады:

Бірінші кезең – тәуекел дәрежесінің объективті қағидалары негізінде;

Екінші кезең - тәуекел дәрежесінің субъективті қағидалары негізінде.

4. Бақылау субъектілері объективті қағидалар бойынша айналысатын қызметіне байланысты тәуекел дәрежесінің үш тобына бөлінеді: жоғары, орташа, шамалы.

5. Автомобиль көлігі саласында жоғары дәрежелі тәуекелге:

жолаушылар тасымалын жүзеге асыратын бақылау субъектілері;

қауіпті жүктер тасымалын жүзеге асыратын бақылау субъектілері жатады.

Орташа дәрежелі тәуекелге:

ірі габаритті және ауыр салмақты жүктер тасымалын жүзеге асыратын бақылау субъектілері;

автостанциялар, автовокзалдарға иелік ететін бақылау субъектілері жатады.

Шамалы дәрежелі тәуекелге:

өзге де жүктер тасымалын жүзеге асыратын бақылау субъектілері жатады.

6. Темір жол көлігі саласында:

жоғары дәрежелі тәуекелге:

жолаушылар тасымалын жүзеге асыратын бақылау субъектісі;

қауіпті жүктердің тасымалын жүзеге асыратын бақылау субъектісі;

меншік құқығында немесе өзге заңдық негізде өрт сөндіру немесе қайта қалпына келтіру поезына иелік ететін бақылау субъектісі;

жол ара қашықтығында қызметті жүзеге асыратын бақылау субъектісі;

локомотив немесе вагон депосына иелік ететін бақылау субъектісі жатады.

Орташа дәрежелі тәуекелге:

темір жол станциясы, вокзал, сигнал беру, байланысқа немесе электр-жабдық ара қашықтығына иелік ететін бақылау субъектісі;

темір жол жылжымалы құрамын, жолдың жоғарғы құрылысын жөндеуді жүзеге асыратын бақылау субъектісі жатады.

Шамалы дәрежелі тәуекелге:

өзге де жүктер, багаж және жүк багажы тасымалын жүзеге асыратын бақылау субъектісі;

кірме жолдарға иелік ететін бақылау субъектісі жатады.

7. Су көлігі саласында:

жоғары дәрежелі тәуекелге:

жолаушылар тасымалын жүзеге асыратын бақылау субъектісі;

қауіпті жүктердің тасымалын жүзеге асыратын бақылау субъектісі;

қызметі порттарды, айлақтарды, шлюздарды, кемежайларды, өткелдерді, көпірлерді, затондарды, рейдтерді, кеме жүретін су жолдарын немесе навигациялық жабдық құралдарын, шағын өлшемді кемелердің база-тұрақтарын пайдаланумен және күтіп-ұстаумен, кемелерді жалға берумен байланысты бақылау субъектісі жатады.

Орташа дәрежелі тәуекелге:

кемелерді және (немесе) өзге жүзбелі құралдарды сүйреумен және жиектеумен айналысатын бақылау субъектісі жатады.

Шамалы дәрежелі тәуекелге:

өзге де жүктер тасымалын жүзеге асыратын бақылау субъектісі;

меншік құқығында немесе өзге де заңдық негізде арнайы мақсаттағы балық кәсібіне, қызметтік-жүріп тұруға арналған немесе өзге кемелерді пайдаланатын бақылау субъектісі жатады.

8. Бақылау субъектісі бір уақытта тәуекел дәрежесінің бірнеше тобына жататын кәсіпкерлік қызметті бақылауды жүзеге асырған жағдайда, онда ол қызмет түріне байланысты тәуекелдің неғұрлым жоғары дәрежесімен тәуекел дәрежесінің тобына жатады.

9. Қазақстан Республикасының көлік заңнамаларының талаптарын барлық бұзушылықтар үш түрге бөлінеді: өрескел, елеулі және шамалы бұзушылықтар.

1) автомобиль көлігі саласында:

өрескел бұзушылықтарға:

тасымалдаушылардың қызметтің осы түріне Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жіберілген жүргізушілерді рейс алдында (ауысым алдында) медициналық тексеруден медицина қызметкерінің (бұдан әрі - медицина қызметкері) өтуін қамтамасыз етпеуі;

арнаулы, соның ішінде толығынан қолмен басқарылатын, сондай-ақ рулі оң жақтан басқарылатын автокөлік құралдарын такси тасымалдары үшін пайдалану;

таксимен тасымалдауды жүзеге асыратын төрттен кем есігі бар, сериялы өндірістегі жеңіл автомобильдерді пайдалануға жіберу;

автобустармен, шағын автобустармен жолаушыларды тасымалдауға жасы жиырма бірден кем, тиісті санаттағы жүргізуші куәлігі жоқ жүргізушілердің жіберілуі;

стандарттар ("Жолаушылар тасымалдары бойынша автокөлік қызметтері. Жалпы техникалық талаптары" ҚР СТ 1040-2001) талаптарына сәйкес келмейтін тасымалдар кезінде автобустар және шағын автобустарды пайдалану;

ұйымдасқан балалар тобын тасымалдауға есігі екіден кем, техникалық жай-күйі Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2004 жылғы 10 наурыздағы № 113-І бұйрығымен бекітілген (Мемлекеттік нормативтік құқықтық актілерді тіркеу тізілімінде 2809 нөмірімен тіркелген) Автомобиль көлігімен жолаушыларды және багажды тасымалдау ережесінде (бұдан әрі – Жолаушыларды және багажды тасымалдау ережесі) белгіленген талаптарға сәйкес келмейтін автобустарды жіберу;

ұйымдасқан балалар тобын тасымалдауға арналған сары түсті шұғылалы шырақшамен жабдықталмаған автобустарды пайдалану;

ұйымдасқан балалар тобын тасымалдауға арналған, артқы және алдыңғы жағынан " Балаларды тасымалдау" тану белгісі жоқ автобустарды пайдалану;

ұйымдасқан балалар тобын тасымалдауға жасы жиырма бестен кем, тиісті санаттағы жүргізуші куәлігі және жүргізуші болып жұмыс істеген белгіленген өтілі жоқ жүргізушіні жіберу;

ұзақтығы 150 км астам, шалқаймалы арқалықтары бар жұмсақ отырғыштары жоқ, маршрут ұзақтығы 500 км артық, ауыстырушы жүргізуші үшін көзделген орынсыз жолаушылардың және багаждың қалааралық және халықаралық тұрақты автомобиль тасымалдары маршруттарында автобустарды пайдалану;

жүргізушілердің белгіленген еңбек және тынығу режимін, оның ішінде жүргізушілердің еңбегі мен тынығуы режимін тіркеудің бақылау қондырғыларымен (тахографтармен) жабдықталуға жататын, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тасымал түрлерін жүзеге асыратын автобустарда, жүк, оның ішінде мамандандырылған (жүктердің белгілі бір түрлерін тасымалдауға арналған) автомобильдерде тахографтардың болуын сақтамауы;

жүргізушілердің еңбегі мен тынығуы режимін тіркейтін бақылау қондырғыларымен (тахографтармен) қауіпті жүктерді автомобильмен тасымалдауды, жолаушыларды,

багаж бен жүкті автомобильмен халықаралық тасымалдауды, жолаушыларды және багажды автомобильмен тұрақты және тұрақты емес қалааралық, облысаралық тасымалдауды жүзеге асыру кезінде пайдаланылатын автобустар, жүк автомобильдерінің, соның ішінде арнайы бейімделген автомобильдердің жабдықталмауы;

қауіпті жүктердің тасымалын жүзеге асыратын автокөлік құралының жүргізушісінде тиісті уәкілетті органның берген автокөлік құралын Қазақстан Республикасының аумағы бойынша белгілі бір қауіпті жүктерді тасымалдауға жіберу туралы куәліктің, "ҚЖ тасымалы" белгісі бар қауіпті жүктерді тасымалдауға арналған лицензияның (лицензиялық карточканың) болмауы;

қалалық және қала маңындағы тұрақты автомобиль тасымалдары маршруттарында жолаушы есігі екіден кем қалалық автобустарды (I класты), шағын автобустарды, сондай-ақ тұрақты қала маңындағы автомобиль тасымалдарында қалааралық автобустарды (II класты) пайдалану;

жолаушылардың және багаждың автомобиль тасымалында ешқандай кедергісіз ашылып және жабылатын жолаушылар салонының есіктері мен авариялық люктері болмайтын автобустарды, шағын автобустарды пайдалану. Есіктерде өткір немесе олардың бетінен алыс шығып тұрған қырлар болмауы тиіс, жүргізушінің кабинасы мен жолаушы салонына жауын-шашынның түсуін толық болдырмайтын жабық күйдегі төбе, авариялық люктер және терезелер болуы тиіс;

жол қозғалысы ережесіне және Қазақстан Республикасының стандарттау жөніндегі қолданыстағы нормативтік құжаттарына сәйкес тану белгілерімен жабдықталмаған қауіпті жүктерді тасымалдайтын автокөлік құралдарын пайдалану;

автокөлік құралдарымен қауіпті жүктердің тасымалын жүзеге асыратын жүргізушілерде осы санаттағы көлік құралының жүргізушісі ретінде кемінде үш жыл үздіксіз жұмыс өтілінің болмауы;

қолдану мерзімі өтіп кеткен автокөлік құралын қауіпті жүктерді тасымалдауға жіберу туралы куәлікпен белгілі бір қауіпті жүктердің тасымалдарын жүзеге асыру;

өзі мен тіркемесінің (жартылай тіркемесінің) арасындағы жалғағыш магистральдар үзіліп кеткен жағдайда автомобиль-тартқышты жұмысшы немесе авариялық тежегішпен тежеуге мүмкіндік беретін тежеу қондырғысымен жабдықталмаған автомобиль-тартқышпен тасымалдарды жүзеге асыру;

автомобиль тартқышпен жалғағыш магистральдар үзілген жағдайда олардың автоматты түрде тоқтауын қамтамасыз ететін тежеу қондырғыларымен жабдықталмаған тіркемелерді (жартылай тіркемелерді) пайдалану;

барлық доңғалақтарына әсер ететін және автомобиль-тартқыштан ажыратылған толық массалы тіркемені (жартылай тіркемені) кемінде 16% еңісте ұстап тұруды қамтамасыз ететін тұру тежегішімен жабдықталмаған тіркемелерді (жартылай тіркемелер) пайдалану;

еңісте тоқтауға мәжбүр болған жағдайда оны қосымша орнықтыру мақсатында кемінде екі сырғуға қарсы тіреуі (әр жаққа біреуден) болмаған ірі көлемді және (немесе) ауыр салмақты автокөлік құралдарын пайдалану;

автовокзалдар мен автостанциялардың облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары оларды облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) автовокзалдары мен автостанцияларының тізіліміне енгізбей қызметті жүзеге асыруы;

жол полициясы органдарының рұқсатынсыз автобустарды (шағын автобустарды) жүктерді тасымалдау үшін қайта жабдықтау;

бақылау-өткізу пунктерінің өлшеу құралдарымен жабдықталмауы;

жүргізушіде рұқсат құжаттарының, куәліктің, маршруттар схемасының, нақты маршрут бойынша жолаушылар тасымалдарын жүзеге асыру үшін жол парағының болмауы;

балалардың ұйымдасқан топтарын, екі және одан артық автобустар легімен тасымалдауға жол полициясының арнайы автомобильдерінің ілесіп жүруінсіз жіберу;

елеулі бұзушылықтарға мыналар жатады:

шығарылындыларындағы ластаушы заттардың, сондай-ақ олардың жұмыс істеуі кезінде шығатын шудың деңгейі белгіленген нормативтерден асып кететін автомобильдерді, ұшақтарды, кемелерді және басқа да жылжымалы құралдарды және қондырғыларды пайдалануға жіберу;

Қазақстан Республикасындағы автокөлік құралдарында пайдаланылатын тахографтардың ЕСТР-дің талаптарына сәйкес келмеуі және заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасында тахографтарды қолдануға рұқсат беретін өлшеу құралдары үлгісін бекіту туралы сертификаттың, сондай-ақ олардың мемлекеттік метрологиялық бақылаудан (тексеруден) өткені туралы қолданыстағы куәліктің немесе тексеру белгісінің болмауы;

ірі көлемді және (немесе) ауыр салмақты жүктерді автокөлік құралымен автомобиль жолдары арқылы тасымалдауға уәкілетті органмен келісілгеннен кейін берілген арнайы рұқсатсыз және оның бақылау талонынсыз жіберу:

автокөлік құралының көлемдері мен массасын есепке алғанда, Қазақстан Республикасының аумағында автомобиль жолдары арқылы жүру үшін белгіленген автокөлік құралдарының рұқсат етілген көлемдік және салмақтық параметрлерінен асатын бөлінетін жүктерді автокөлік құралымен тасымалдауға жіберу;

ірі көлемді және (немесе) ауыр салмақты автокөлік құралдарының мерзімі өтіп кеткен немесе дұрыс ресімделмеген арнайы рұқсатпен жол жүруі;

автовокзалдарда не оның құрамында медициналық көмек пункті мен дәріхана киоскісінің болмауы;

бірыңғай түсті реңге келтірілмеген таксилерді пайдалану;

жол жүру басталғанға дейін қауіпті жүкті тасымалдау бойынша рейс алдындағы нұсқауламадан өтпеген, жанында осы Ереженің талаптарына сәйкес тасымалдау маршруты көрсетілген және "Қауіпті жүк" деген белгісі бар жол парағы жоқ қауіпті жүкті тасымалдауды жүзеге асыратын жүргізушілердің жолға шығуы;

көктемгі-жазғы және күзгі-қысқы кезеңдерде автокөлік құралын жұмысқа дайындау жөніндегі жұмыстарды орындай отырып, жылына екі рет (көктемде және күзде) жүргізілуі тиіс маусымдық тексерусіз автокөлік құралдарын пайдалану.

жүк жөнелтушінің тасымалдау кезінде тамақ өнімдерімен қарым-қатынаста болатын тұлғаларды таза санитарлық киіммен қамтамасыз етпеуі;

диспетчерлік басшылықтың қозғалысты басқаруды, кестенің және маршруттар бойынша автобустардың үздіксіз және тұрақты қозғалысын қамтамасыз ету үшін жедел реттеудің сақталуын, сондай-ақ технологиялық процесте көліктің барлық түрлерімен жолаушылар тасымалдарын үйлестіруді үздіксіз бақылауының болмауы;

Қазақстан Республикасының автомобиль көлігі туралы заңнамасына сәйкес олардың біліктілігін және кәсіби жарамдылығын растайтын құжаттары жоқ тасымалдаушыларды жолаушылардың, багаждың және жүктердің тасымалдарына жіберу;

жолаушылардың және багаждың автомобиль тасымалдары кезінде терезе шынылары көруді төмендететін автобустарды, шағын автобустарды пайдалану. Әрбір терезе ойығы ақпарат немесе жарнама материалдарымен 30% артық жабылмауы тиіс.

жол жүру басталғанға дейін қауіпті жүктерді тасымалдау бойынша рейс алдындағы нұсқауламадан өтпеген және өзінде жүк жөнелтуші әзірлеген авариялық жағдайдағы іс-қимыл жоспары жоқ жүргізушілерді тасымалдауға жіберу;

автовокзалдарда, автостанцияларда жолаушыларды автобустардың қозғалысы, жол жүру мен багажды тасымалдау және ұсынылатын қызмет шарттары мәселелері жөніндегі анық, түбегейлі және уақтылы ақпаратпен қамтамасыз етуге арналған анықтамалық-ақпараттық жұмысты ұйымдастырудың болмауы;

тіркеме-ұзартылма жетегінің (кұбыр) тіркеменің артқы көлемінен 1 метрден астам шығып тұруы;

"Автопоезд", "Ірі көлемді жүк" немесе "Ұзын өлшемді көлік құралы" деген тану белгілері жоқ ірі көлемді және (немесе) ауыр салмақты автокөлік құралдарын пайдалану;

екі жағынан артқы жақты көретін сыртқы айналармен жабдықталмаған автокөлік құралының кабиналарын пайдалану. Айналар автокөлік құралының және тасымалданатын жүктің көлемін ескере отырып, тура да және бұрылмалы да қозғалыс кезінде жүргізушіге көлденеңінен әрі тігінен жеткілікті көруді қамтамасыз етуі тиіс.

әрбір буынында екіден сырғуға қарсы тіреуіштері жоқ автопоезды пайдалануға;

отырғызу алаңдары жүру бөлігінен қоршаулармен жабдықталмаған жолаушыларды отырғызу және түсіру пункттерін пайдалану;

тәуліктің қараңғы мезгілінде автобустарға қалыпты отыру және олардан түсуді, багажды тапсыру мен алуды, деректемелерді оқуды қамтамасыз ететін жарықпен жабдықталмаған жолаушыларды отырғызу және түсіру пункттерін пайдалану;

автовокзалдар мен автостанцияларда жүргізушілер демалатын қызметтік үй-жайлардың болмауы;

автовокзалдар мен автостанцияларда жолаушыларды отырғызуға және түсіруге, багажды тиеуге және түсіруге арналған пункттерінің болмауы;

жолаушылар мен багаждың қалааралық және халықаралық автомобиль тасымалдары маршруттарында багаж бөлімшелері жоқ автобустар мен шағын автобустарды пайдалану;

автокөлікте өртке қарсы мүкәммалдың болмауы:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 12 наурыздағы № 316 қаулысымен бекітілген қауіпті жүктердің тізбесіне сәйкес 1, 6 және 7-сыныпты қауіпті жүкті тасымалдауға қауіпті жүкті тасымалдау маршрутын әзірлемей, Қазақстан Республикасының аумағында қауіпті жүктерді тасымалдау;

жүк жөнелтуші (жүк алушы) мен тасымалдаушы арасында Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қауіпті жүк тасымалын жүзеге асыруға шарттың болмауы;

автобустарда, шағын автобустарда қажетті дәрілер мен медициналық құралдардың жинағы бар медициналық дәрісалғыштың болмауы;

автовокзалдар мен автостанцияларда диспетчерлік пункттердің болмауы;

автовокзалдардың өз құрамында қосымша медициналық көмек пункті мен дәріхана киоскісінің болмауы;

автовокзалдардың өз құрамында автобустарды тексеруге арналған қосымша посттың болмауы.

шамалы бұзушылықтарға осы тармақшаларда өрескел және елеулі бұзушылықтар деп көзделмеген, көлік заңнамасы талаптарын, көліктік бақылау саласындағы бұзушылықтардың барлық өзге түрлері жатады.

2) темір жол көлігі саласында:

өрескел бұзушылықтарға мыналар жатады:

букс қызуын бақылау жүйесінің ақаулары бар жолаушылар вагондарын поездарға қосу;

өрт сигнал беру жүйесінің ақаулары бар жолаушылар вагондарын поездарға қосу;

радиостанцияларының (машинистпен байланыс) ақаулары бар жолаушылар вагондарын поездарға қосу;

вагон асты генераторы жетегінің ақаулары бар жолаушылар вагондарын поездарға қосу;

казандық жабдығының ақаулары бар жолаушылар вагондарын поездарға қосу;

электр жабдығы тізбесінің ақаулары бар жолаушылар вагондарын поездарға қосу;

дыбыс сигналын беруге арналған аспабының ақаулығы кезінде локомотивтерді, моторвагонды және арнайы өздігінен жүретін жылжымалы құрамды пайдалануға жіберу;

пневматикалық, электр-пневматикалық, қол тежеуіштерінің немесе компрессорының ақаулығы кезінде локомотивтерді, моторвагонды және арнайы өздігінен жүретін жылжымалы құрамды пайдалануға жіберу;

тартымдық электрқозғалтқышының біреуінің ақаулығы немесе өшкен кезінде локомотивтерді, моторвагонды және арнайы өздігінен жүретін жылжымалы құрамды пайдалануға жіберу;

жылжу жетегінің ақаулығы кезінде локомотивтерді, моторвагонды және арнайы өздігінен жүретін жылжымалы құрамды пайдалануға жіберу;

автоматты локомотивтік сигнал беруінің немесе қауіпсіздік құрылғысының ақаулығы кезінде локомотивтерді, моторвагонды және арнайы өздігінен жүретін жылжымалы құрамды пайдалануға жіберу;

автотоктатқышының автоматты локомотивтік сигнал берудің немесе машинистің қырағылығын тексеру құрылғысының ақаулы кезінде локомотивтерді, моторвагонды және арнайы өздігінен жүретін жылжымалы құрамды пайдалануға жіберу;

жылдамдық өлшегішінің және тіркеу құрылғысының ақаулы кезінде локомотивтерді, моторвагонды және арнайы өздігінен жүретін жылжымалы құрамды пайдалануға жіберу;

поездық және маневрлік радиобайланыс қондырғысының ақаулы кезінде локомотивтерді, моторвагонды және арнайы өздігінен жүретін жылжымалы құрамды, ал моторвагонды жылжымалы құрамда "жолаушы-машинист" байланысының ақаулы, соның ішінде ажырату тұтқасының шынжыры үзілген және ол деформацияланған кезде пайдалануға жіберу;

гидродемпферлердің, аккумуляторлық батареяның ақаулы кезінде локомотивтерді, моторвагонды және арнайы өздігінен жүретін жылжымалы құрамды пайдалануға жіберу;

автотіркегіш құрылғыларының ақаулы кезінде локомотивтерді, моторвагонды және арнайы өздігінен жүретін жылжымалы құрамды пайдалануға жіберу;

құм беру жүйесінің ақаулы кезінде локомотивтерді, моторвагонды және арнайы өздігінен жүретін жылжымалы құрамды пайдалануға жіберу;

прожекторының, буфер фонарының, жарығының бақылау және өлшеу аспабының ақаулы кезінде локомотивтерді, моторвагонды және арнайы өздігінен жүретін жылжымалы құрамды пайдалануға жіберу;

камытта, серіппегіш аспасында немесе серіппегіштің түпкі табағында жарық, серіппегіш табағында сынық бар локомотивтерді, моторвагонды және арнайы өздігінен жүретін жылжымалы құрамды пайдалануға жіберу;

букс корпусының жарығы бар локомотивтерді, моторвагонды және арнайы өздігінен жүретін жылжымалы құрамды пайдалануға жіберу;

буксті немесе моторлы-біліктік мойынтірегiнiң ақаулы кезінде локомотивтерді, моторвагонды және арнайы өздігінен жүретін жылжымалы құрамды пайдалануға жіберу;

құрылымында көзделген бөлшектерді жолға құлаудан сақтандыру құрылғысы болмаған немесе ақаулы кезінде локомотивтерді, моторвагонды және арнайы өздігінен жүретін жылжымалы құрамды пайдалануға жіберу;

тартымдық тісті беріліс тісінің біреуі жарылған немесе сынған локомотивтерді, моторвагонды және арнайы өздігінен жүретін жылжымалы құрамды пайдалануға жіберу;

майдың ағуына әкелетін тісті беріліс қаптамасының ақаулығы кезінде, жоғары вольтті камераның қорғаныш блокировкасының ақаулығы кезінде, ток қабылдағыштың ақаулығы кезінде локомотивтерді, моторвагонды және арнайы өздігінен жүретін жылжымалы құрамды пайдалануға жіберу;

өрт сөндіру құралдарының ақаулығы кезінде локомотивтерді, моторвагонды және арнайы өздігінен жүретін жылжымалы құрамды пайдалануға жіберу;

қысқа мерзімді тұйықталу тоғынан, артық жүктеме мен артық кернеуден, дизельдің авариялық тоқтауынан қорғаныш құрылғысының ақаулығы кезінде локомотивтерді, моторвагонды және арнайы өздігінен жүретін жылжымалы құрамды пайдалануға жіберу;

дизельде тарсыл, бөтен шу пайда болған кезде локомотивтерді, моторвагонды және арнайы өздігінен жүретін жылжымалы құрамды пайдалануға жіберу;

паровоз қазандығының оттық қорабының қорек беру аспабының, сақтандыру клапанының, су көрсеткіш аспабының ақаулығы, бақылау тығынының ағуы кезінде локомотивтерді, моторвагонды және арнайы өздігінен жүретін жылжымалы құрамды пайдалануға жіберу;

электр жабдығының қорғаныш қаптамасы болмаған кезде локомотивтерді, моторвагонды және арнайы өздігінен жүретін жылжымалы құрамды пайдалануға жіберу;

локомотивтерге және моторвагонды жылжымалы құрамға техникалық қызмет көрсету мен жөндеудің жоспарлы түрлері мерзімдерінің сақталмауы;

локомотивтердің және моторвагонды жылжымалы құрамның зауыт белгілеген пайдалану мерзімдерінің сақталмауы;

локомотивтерді және моторвагонды жылжымалы құрамды өртке қарсы қауіпсіздікті бұза отырып пайдалануға жіберу;

оларды техникалық қызмет көрсетуге ұсынбай жүк тиеу және адамдарды отырғызу үшін вагондарды беру;

жолаушылар вагондарының басқыштары мен төбелерінде жол жүру;

поезд жүріп келе жатқанда жолаушылар вагонына отырғызу және түсіру;
жолаушылар вагондарында белгіленген орындардан тыс жерде темекі шегу;
жолаушылар вагондарының терезелері мен есіктерінен қоқыстарды және басқа заттарды лақтыру;

жолаушылар вагондарына техникалық қызмет көрсету мен жөндеудің жоспарлы түрлері мерзімдерінің сақталмауы;

жолаушылар вагондарының жасаушы зауыт белгілеген пайдалану мерзімдерінің сақталмауы (өтіп кеткен мерзімдері);

қауіпті жүктері бар жылжымалы құрамның жүруін орындау кезінде қауіпсіздікті жоғарылатуға бағытталған әзірленген және бекітілген іс-шаралардың болмауы;

қауіпті жүктермен алдын ала сақтандыру жұмысын ұйымдастыруға және өткізуге жауапты тұлғалардың болмауы, олардың қызметін қауіпті жүктермен тасымалдауды ұйымдастырудың нақты жағдайы бойынша бағалау;

кәсіпорындар мен ұйымдарда қауіпті жүктерді тасымалдауды бақылау жүйесінің болмауы;

кәсіпорындарда қауіпті жүктермен жұмысты ұйымдастыру бойынша техникалық оқытуды тақырыпты, кезеңділікті және қатысуды бұза отырып өткізу;

қауіпті жүктері бар вагондар үшін бөлінген жолдардың, оларға жақындау маршрутының, тиеу-түсіру орындарының жай-күйін тексеру актісінің болмауы;

станциялардағы авариялық карточкаларда көрсетілген жұмыстарды орындау үшін қауіпті жүктері бар поездарды қабылдауға, өткізуге рұқсат етілген, қауіпті жүктері бар вагондарды қалдырған жөн жолдар мен маршруттар көрсетілген станцияның техникалық-өкімдік актісінен үзінділердің болмауы;

қауіпті жүктерді тасымалдауға арналған жылжымалы құрамды техникалық қарау және пайдалануға рұқсат беру актілерінің болмауы;

поездардың жүру қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған кәсіпорын басшыларының жеке қатысуының негізгі нормативтерін орындамау;

бағыттамалы үшкірлердің және тартымы бар жылжымалы айқаспалар өзекшелерінің ажыратылуы кезінде бағыттамалы бұрмалар мен бітеу қиылыстарды пайдалану;

мұқыл айқаспаның үшкірі мен өзекшесінде бірінші тартымға қарсы, үшкір айқаспаның өзекшесінде бағыттаманың жабық күйі кезінде өзекшенің ұшына қарай өлшенетін үшкірдің рамалық рельстен, айқаспаның жылжымалы өзекшесінің мұршадан 4 мм-ге және одан астам қалып қоюы кезінде бағыттамалы бұрмалар мен бітеу қиылыстарды пайдалану;

басты жолдарда ұзындығы 200 мм және одан асатын үшкірді немесе жылжымалы өзекшені бояу кезінде бағыттамалы бұрмалар мен бітеу қиылыстарды пайдалану;

қабылдау-жөнелту жолдарында ұзындығы 300 мм және одан асатын үшкірді немесе жылжымалы өзекшені бояу кезінде бағыттамалы бұрмалар мен бітеу қиылыстарды пайдалану;

өзге станциялық жолдарда ұзындығы 400 мм және одан асатын үшкірді немесе жылжымалы өзекшені бояу кезінде бағыттамалы бұрмалар мен бітеу қиылыстарды пайдалану;

үшкірдің рамалық рельске қарсы және жылжымалы өзекшенің мұртшаға қарсы 2 мм және одан астамға қимада өлшенетін төмендеуі кезінде бағыттамалы бұрмалар мен бітеу қиылыстарды пайдалану, мұнда үшкір бастиегінің немесе жылжымалы өзекшенің ені үсті бойынша 50 мм және одан да асады;

айқаспа өзекшесінің жұмыс шегі мен контррельс бастиегінің жұмыс шегінің арасындағы ара қашықтық 1472 мм-ден аз болған кезде бағыттамалы бұрмалармен бітеу қиылыстарды пайдалану;

контррельстің бастиегі мен мұртшаның жұмыс шектері арасындағы ара қашықтық 1435 мм-ден аз болған кезде бағыттамалы бұрмалар мен бітеу қиылыстарды пайдалану;

үшкір немесе рамалық рельс сынған, айқаспа (өзекше, мұртша немесе контррельс) сынған кезде бағыттамалы бұрмалар мен бітеу қиылыстарды пайдалану;

бір бұрандамалы сынада контррельстік бұрандама немесе екі бұрандамалыда екі бұрандама үзілген кезде бағыттамалы бұрмалар мен бітеу қиылыстарды пайдалану;

жүру үшін қауіпті бөгетті немесе жұмыс орнын сигналдармен қоршамай жұмыстарды жүргізу;

кедергі немесе жұмыстар жүргізу орнын қоршаған сигналдарды кедергілерді жойғанға, жұмыстарды толық аяқтағанға, жолдың жай-күйін, байланыс желісі мен габариттің сақталуын тексергенге дейін алып тастау;

станция бойынша кезекшінің келісімінсіз және жұмыс басшысының Станциялық жолдарда жолдарды, бағыттамалы бұрмаларды, сигнал беру, орталықтандыру және блокировка, байланыс қондырғыларын және түйісу желісін тексеру журналына алдын ала жүргізген жазбасыз тоқтау және жылдамдықты азайту сигналдарымен қоршауды талап ететін жұмыстарды жүргізу;

доңғалақ жұбының осінде жарығы бар арнайы жылжымалы құрамды қоса алғанда, жылжымалы құрамды пайдалануға жіберу;

доңғалақ жұбының құрсауында жарығы бар арнайы жылжымалы құрамды қоса алғанда, жылжымалы құрамды пайдалануға жіберу;

доңғалақ жұбының дискісінде жарығы бар арнайы жылжымалы құрамды қоса алғанда, жылжымалы құрамды пайдалануға жіберу;

доңғалақ жұбының доңғалақ күпшегінде жарығы бар арнайы жылжымалы құрамды қоса алғанда, жылжымалы құрамды пайдалануға жіберу;

жол табанының ені 1512 мм-ден аз және 1548 мм-ден артық кезінде жолдарды пайдалану;

жолдарды жол өлшегіш вагондармен, дефектоскопты арбалармен және дефектоскоп вагондарымен мерзімдік тексерулердің болмауы;

темір жолдардың басқа темір жолдармен, трамвай, троллейбус желілерімен, автомобиль жолдарымен және қала көшелерімен қиылысуы мәселелері бойынша құрылыс нормалары мен ережелерінің талаптарына сәйкессіздігі;

көлік құралдарының және өздігінен жүретін машиналардың белгіленбеген орындарда жүріп өтуі;

темір жол өткелдерінде қоршау бағандарының немесе қапталдардың болмауы;

темір жол өтпелерінде ескертудің сигнал беру белгілерінің, шлагбаумдардың, бағдаршамдардың және телефон мен радиобайланыс құралдарының болмауы;

темір жол өтпелерінде үлгілік төсеменің болмауы;

көлік құралдарын жүргізушілерді темір жол өткеліне поездың жақындағаны туралы хабарлайтын автоматты өтпелдік сигнал берудің болмауы;

темір жол учаскелерінде поездық диспетчерлік байланыстың болмауы;

темір жол учаскелерінде қосалқы станциялық байланыстың болмауы;

темір жол учаскелерінде желілік-жол байланысының болмауы;

темір жол учаскелерінде аралық байланыстың болмауы;

поездық локомотивтер, мотор-вагонды поездар, арнайы өздігінен жүретін жылжымалы құрам машинистерінің қарсы және артта келе жатқан, бір аралықта орналасқан локомотивтердің, мотор-вагонды поездардың, арнайы өздігінен жүретін жылжымалы құрамның машинистерімен екі жақты байланысының болмауы;

поездық локомотив, моторвагон поездар, арнайы өздігінен жүретін жылжымалы құрам машинисінің өтпелер мен депо бойынша кезекшісімен екі жақты байланыстың болмауы;

поездық локомотив, моторвагон поезды, арнайы өздігінен жүретін жылжымалы құрам машинисінің жөндеу жұмыстарының басшыларымен және сигнал берушілермен екі жақты байланысының болмауы;

поездық локомотивтер, моторвагонды поездар, арнайы өздігінен жүретін жылжымалы құрам машинистерінің машинист көмекшісімен кабинадан шыққан кезде екі жақты байланысының болмауы;

поездық локомотивтер, моторвагонды поездар, арнайы өздігінен жүретін жылжымалы құрам жүргізушісінің жолаушылар поезының бастығымен (бригадир-механикпен) екі жақты байланысының болмауы;

поездық локомотивтер, моторвагонды поездар, арнайы өздігінен жүретін жылжымалы құрам машинистерінің вагондарды қараушы- жөндеушілермен екі жақты байланысының болмауы;

қозғалыс қауіпсіздігін және еңбек қорғауды поездар қозғалысының кестесін бұза отырып, қамтамасыз ету кезінде құрылыстар мен құрылғылар жөндеуді жүргізу;

сигнал беру, орталықтандыру және блокировка қондырғылары мен аспаптарын қайта жабдықтау, көшіру, жөндеу, сынау және ауыстыру бойынша жұмыстардың жоспарлы түрлерін кестеге сәйкес емес және белгіленген тәуелділіктердің бұзушылығына немесе олардың уақытша тоқтауына әкелетін өзге де жоспарлы жұмыстарды жүргізу;

темір жол жылжымалы құрамын міндетті мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің болмауы;

темір жол жылжымалы құрамын жөндеудің техникалық қызмет көрсетудің жоспарлы-алдын алу түрлерінен өткендігі туралы белгінің болмауы;

темір жол жылжымалы құрамын сапасыз жөндеуді және техникалық қызмет көрсетуді өткізу;

темір жол жылжымалы құрамына сапасыз қосалқы бөлшектерді пайдалану;

жолаушылар локомотивтерінде электр пневматикалық тежеуіштерді басқару қондырғыларының болмауы;

қауіпсіздіктің кешендік локомотивтік қондырғы жүйесінің болмауы;

локомотивтерде және моторвагонды поездарда поездың тежелуін автоматты басқарудың болмауы;

жүк поездары үшін локомотивтердің тежеуіш магистралінің тығыздығын бақылау құрылғыларының болмауы;

темір жол көлігіндегі жүру қауіпсіздігінің талаптарын сақтау бойынша жұмысшылардың кәсіби даярлығының болмауы немесе өткізілмеуі;

темір жол кірме жолының, оның құрылыстары мен құрылғыларының техникалық жай-күйі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес болмауы;

темір жол көлігі кәсіпорындарында стандартты емес оқиғалар мен төтенше жағдайлар кезінде хабарлау және ақпараттандыру жүйесінің болмауы.

Елеулі бұзушылықтарға мыналар жатады:

жолаушының жол жүру құжатындағы тегі жеке басын куәландыратын құжатқа сәйкес болмауы;

жолаушының жүру құжаттары болмай, жолаушылар вагонында жол жүруіне рұқсат ету;

вагонды немесе өзге жолаушылардың заттарына зиян келтіретін немесе оларды кірлететін, сондай-ақ қатерлі, тез тұтанғыш, уландырғыш, жеңіл тұтанатын, жарылатын және өзге қауіпті заттарды тасымалдау;

жолаушылар поезын қажет болмаған жағдайда тоқтату-кранын қолдану арқылы тоқтату;

станциялардың жол жағынан дамуы және техникалық жарақтандырылуы поездардың бекітілген жүру қозғалысына сәйкес келмеуі;

қалқасы мен павильондары бар жолаушылар платформасының аралығы мен аялдау пункттерінде қызмет көрсетілетін жолаушылар санына байланысты билет кассаларының болмауы;

жылжымалы темір жол құрамы мен жабдығын жөндеу және қызмет көрсету үшін қосалқы бөлшектердің төмендемейтін қорының болмауы;

диагностиканың, өлшеу құралдары мен жабдықтарының және олардың мерзімдік тексерістерінің болмауы;

тасымалдау процесін ұйымдастыруда орталықтандырылған басқарудың болмауы;
ұлттық темір жол тасымалдаушыларының жүк тасымалдаушыларына магистральді темір жол желісінде сапасыз қызмет көрсету;

темір жолдар мен темір жол кірме жолдарының жалпы желісінің құрылыстары мен құрылғылары түйісу станциясынан өнеркәсіп және көлік кәсіпорындарының аумағына дейін Мемлекеттік стандартпен бекітілген (С) құрылысының жақындау габаритінің талаптарына сәйкес келмеуі;

(С) және (СП) жақындау габариттері темір жолды, темір жол кірме жолын, құрылыстарды және олардың құрылғыларын жобалау, салу, қайта жаңарту кезінде, екінші жолдардың электрлендіру және салу кезінде, сондай-ақ бұдан бұрын көрсетілген габариттерге сәйкес келтірілген пайдаланудағы құрылыстар мен құрылғыларда сақталмауы;

жылжымалы құрам габариттерінің талаптарын сақтамау;

Шамалы бұзушылықтарға осы тармақшадағы өрескел және елеулі бұзушылықтарда көзделмеген көліктік бақылау саласындағы көлік заңнамалары талаптарын бұзушылықтардың өзге түрлерінің барлығы жатады;

3) су көлігі саласындағы:

өрескел бұзушылықтарына мыналар жатады:

осы кеме үшін белгіленген кемені дұрыс пайдалануды, жүзу қауіпсіздігін қамтамасыз ететін шарттарды, нормалар мен талаптарды сақтамау арқылы кемені ақаулы техникалық жағдайда пайдалану: жүзу ауданы, жағадан алыстауы, кеме жүзуі мүмкін толқын биіктігі, суда отыруы, су үстіндегі борт, шекті қуаты және қозғалтқыштардың саны; желкендердің рұқсат етілген ауданы, жүк көтергіштігі, жолаушылар сыйымдылығы, кеменің құтқару және өртке қарсы құралдармен, сигнал беру оттарымен, навигациялық және басқа жабдықпен жабдықталуы;

шағын өлшемді кеменің кеме жүргізушісі мен әрбір жолаушысы үшін кемеде жеке құтқару құралдарының болмауы;

жүзуге шығардың алдында кеме жүргізуші кеменің жарамдылығын және жарақтандырылу жинақылығын тексеруге, жүзу барысындағы оның жағдайының кейінгі бақылауын қамтамасыз етпеуі;

кеме жүргізушіде кеме құжаттарының (кеме билеті) және шағын өлшемді кемені басқару құқығына куәлігінің жоқтығы;

кемедегі жолаушы сыйымдылығы нормаларының сақталмауы;

жүк көтерімділік және кемеге жүкті дұрыс орналастыру нормаларының сақталмауы;

кеменің жолаушы сыйымдылығы бойынша құтқару құралдарының жоқтығы;

тұрақтайтын кемелердің саны 50-ден артық база-тұрақтарда кезекші-құтқару кемесінің жоқтығы;

шағын өлшемді кеменің кеме жүргізушісінде кеменің жүзуге жарамдылығына жыл сайынғы техникалық куәландыру белгісі бар кеме билетінің жоқтығы;

кемеде кеме құжаттарының болмауы;

кеме құжаттарының жүргізілуі оларға қойылатын талаптарға сәйкес келмеуі;

кеме экипажы кеменің бортында кеменің қауіпсіз жүзуін қамтамасыз ету және қоршаған ортаны қорғау үшін кеме экипажының ең аз құрамы талаптарына сәйкес келмеу;

тіркелмеген және есепке алынбаған кемелермен, сондай-ақ тіркеу нөмірі жоқ кемелермен жүзу;

кеме жүргізушілері жүзу қауіпсіздігін қамтамасыз ететін белгіленген шарттарды, нормаларды және техникалық талаптарды сақтамау;

тұманда және көрінбегендіктен бағдар алу мүмкін емес өзге де жайсыз метеорологиялық жағдайларда кемелердің жүзуі;

кемінде 1,0 км-ге шектелген кезде тұтану температурасы 60 С-тан төмен, жарылғыш немесе улы зат қалдықтары бар мұнай жүкті кемелерді қоспағанда жарамды қолданыстағы радиолокатор, компас және (УКВ) радиостанциясымен жабдықталмаған кемелердің жүзуі;

жарамсыз қолданыстағы радиолокатор, компас және УКВ радио станциясымен жабдықталмаған жүрдек кемелердің су ығыстыру қалпымен жақын жердегі қауіпсіз тұрақ орнына дейін қозғалуы;

басқа кемелердің жүзуіне кедергі келтіру;

жолаушылар және жүк айлақтарының, дебаркадерлердің жанына шағын кемелердің келуіне және тұруына, көлік, техникалық қосымша кемелеріне тіркеп сүйреуіне, олардың бағыттарын кесіп өту немесе оларға тікелей жақын жүзу;

кемелер мен ескіш қайықтарда бұл мақсат үшін бейімделмеген желкен орнату;

кеме билетінде жазылған сигнал оттарының нұсқауынсыз ескіш, желкенді және моторлы кемелермен тәуліктің қараңғы уақытында жүзуге шығу;

шомылу және жағажай үшін бөлінген акваторияларға кемелердің кіруіне, сондай-ақ кеме жүзу жағдайының жүзгіш белгілеріне жақындауы және оларға бекітілуі;

кемеден қалдықтарды, мұнай өнімдерін және т.б. лақтыру;

кемелерді көпірлердің астына немесе олардың жанына тоқтату;

кемелердің тұрағы үшін базалардың (құрылыстардың) шығу тәртібін бұзу;

рұқсатнамасыз жүзуге тыйым салынды деп жарияланған акваторияларда және аудандарда кемелердің жүзуі;

жарылу қауіпі және өрт қауіпі бар жүктерді оларға арналмаған кемелерде тасымалдау;

қауіпті жүк, сондай-ақ екі мың тоннадан астам мөлшерде мұнай тасымалдаушы кеме иесі ластау үшін жауапкершілік тәуекелін сақтандыруға немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе шартта көзделген міндеттемелердің орындалуын "Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы" Қазақстан Республикасы заңының 174-бабына сәйкес анықталатын ластаудан болған залал үшін жауапкершілік мөлшерінде қаржымен қамтамасыз етпеу;

тиісті біліктілігі жоқ тұлғалардың жіберілуі;

кеме экипажы мүшелерінің қызметтерін атқаруға Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен кеме экипажының мүшелерін дипломдау ережелеріне сәйкес тиісті біліктілігі жоқ адамдардың жіберілуі;

кемеде жұмыс істеуге өздерінің денсаулық жағдайы бойынша осындай жұмысқа жарамдылығын куәландыратын куәліктері жоқ тұлғалардың жіберілуі;

кеме иесінің экипаж мүшелері кемеде болған уақытта оларды қауіпсіз еңбек жағдайларымен қамтамасыз етпеуі;

кеме иесінің экипаж мүшелері кемеде болған уақытта оларды денсаулығын сақтаумен және медициналық көмекпен қамтамасыз етпеуі;

кеме иесінің экипаж мүшелері кемеде болған уақытта оларды құтқару құралдарымен қамтамасыз етпеуі;

кеме иесінің экипаж мүшелері кемеде болған уақытта оларды демалу, тамақтану, емделу, мәдени және тұрмыстық қызмет көрсетілуі үшін санитарлық-гигиеналық талаптарға сәйкес келетін үй-жайлармен қамтамасыз етпеуі;

кеме иесінің оның кемелері ұшыраған авариялық жағдайларды тексеру кезінде көмек көрсетпеуі;

кеме капитанының, кемені басқару, соның ішінде кеме жүргізу, кеменің жүзу қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қоршаған ортаны қорғау, кемедегі тәртіпті сақтау, кемеге, кемедегі адамдар мен жүкке зиян келтіруді болғызбау бойынша міндеттерді сақтамауы;

кеме капитанының егер бұл көмек өз кемесі, оның экипажы және жолаушылар үшін елеулі қауіпсіз көрсетілсе, теңізде апатқа ұшыраған адамдарға көмек көрсетпеуі;

кеме капитаны кемелер соқтығысқан жағдайда, мүмкін болған жағдайда өз кемелерінің атауларын, олар тіркелген порттарды, сондай-ақ шыққан және баратын порттарын хабарлау арқылы егер қолданылатын шаралар өз кемесіне, оның экипажы мен жолаушыларына елеулі қауіп төндірмей жасау мүмкін болса, екінші кемені құтқару үшін тиісті шараларды қабылдамауы;

кеме капитанының кеме бортындағы адамға шұғыл медициналық көмек қажет болған жағдайда, ол көмекті кеме теңізде жүрген кезде көрсету мүмкін болмаған жағдайда кеме иесіне хабарлау арқылы ең жақын портқа кіруге немесе ондай адамды ең жақын портқа жеткізу жөнінде шараларды қабылдамауы;

кеме шетелдік портқа кірген немесе ондай адам шетелдік портқа жеткізілген жағдайда, сондай-ақ Қазақстан Республикасының консулдық мекемесіне хабарлауы;

кеме капитаны кемеге опат болу қаупі төнген жағдайда кемедегі жолаушылардың қауіпсіздігін және кеме құжаттары мен өзге де құжаттардың сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі шараларды қабылдамауы;

кеме капитаны кеме иесіне авариялық жағдай туралы хабарлау, уәкілетті орган бекіткен кемелер ұшыраған авариялық жағдайларды тексеру ережесіне сәйкес алдын ала тексеру жүргізуге және кеме оның экипажы бірінші қазақстандық портқа келгеннен кейін үш тәулік ішінде порт капитанына авариялық жағдай туралы егжей-тегжейлі хабарламаны, кеме құжаттарынан үзінді-көшірмелерді, қатысы бар куә адамдардың түсініктемелерін беру бойынша талаптарды сақтамауы;

теңізге шығатын кемелерге бақылау жасауды жүзеге асыру кезінде теңіз порты капитаны кеме құжаттарының болуын, кеменің негізгі сипаттамасының кеме құжаттарына сәйкестігін, кеме экипажын жинақтауға қойылатын талаптарды сақтамауы;

кемелердің белгіленген жүзу, маневр жасау және қозғалу тәртібін сақтамауы;

кеме оттарын және белгілерін алып жүру талаптарын сақтамауы;

навигациялық белгілер талаптарының сақталмауы;

кеме қатынасы су жолдарында, көпірлерде, бөгендерде және өзге де гидротехникалық құрылыстарда навигациялық жабдықтарының қамтылуы, пайдаланылуы және олардың белгіленген жұмыс режимінің сақталмауы;

қауіпті жүктерді тасымалдауға лицензияның, есепке алу карточкасының жоқтығы;

жолаушыларды тасымалдауға лицензияның, есепке алу карточкасының жоқтығы;

жол жай-күйінің жағдайы және оның өзгеруі туралы кеме жүргізушілерін уақтылы хабарламау;

жолаушылар мен багажды тасымалдау ережесінің сақталмауы;

кемелерді, салдарды және өзге де жүзгіш объектілерді сүйреу тәртібі мен шарттарының сақталмауы;

кеме жолының кепілді габариттерінің (тереңдігі, ені, оның өсінің шеңберлену радиусы) қамтамасыз етілмеуі;

жүктерді тасымалдау ережесінің сақталмауы;

шағын өлшемді кемелердің жүзу қауіпсіздігін қамтамасыз ететін жіберу режимінің қызметін ұйымдастыру үшін жауапты тұлғалардың болмауы;

кеменің портқа кіру және шығу тәртібінің сақталмауы;

теңіз көлігі кемелерінде баспалдақтар мен басқыштарды жабдықтау бойынша талаптардың бұзылуы;

өзен көлігі кемелерінде баспалдақтар мен басқыштарды жабдықтау бойынша талаптардың бұзылуы;

кеменің меншік иесі және (немесе) кеме иесі кемелердің қауіпсіз пайдаланылуын қамтамасыз етпеуі;

кеменің меншік иесі және (немесе) кеме иесі кемелерді қауіпсіз пайдалануға жауапты тұлғалардың болмауы;

кеменің меншік иесі және (немесе) кеме иесі кеме қатынасы қауіпсіздігінің талаптарына сәйкес кеме техникалық жарамды күйде тиісті ұстамауы және кеме экипажын жасақтамауы;

ішкі су жолдарының жағалау белдеуін уақытша жұмыстар жүргізу үшін пайдаланушы тұлғалар олар аяқталғаннан кейін жағалау белдеуін тазалау және оны жайластыру міндеттерін сақтамауы;

ішкі су жолдарының жағалау белдеуіне, навигациялық шырақтарды қоспағанда, кеме жолына қарай бағытталған қандай да бір тұрақты шырақтар орнату;

уәкілетті органның келісімінсіз уақытша шырақтарды орнату мұндай шырақтар кеме жүретін жол жағынан қоршаулардың болмауы;

егер шаруашылық және өзге де қызметтің кеме қатынасы қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысы болмаса, мұндай қызметті жүзеге асыру үшін жағалау белдеуін пайдалану ;

ішкі су жолдары шегіндегі акваторияда және жағалау белдеуінде ішкі су жолдары мен жағалау белдеуінің жай-күйіне теріс әсерін тигізетін және (немесе) оларды пайдалануға қиындық туғызатын қадағалаусыз кемелерді, құрылғылар мен құрылыстарды қалдырып кету;

ішкі су жолдарында салынып жатқан жасанды құрылыстар (көпірлер, бөгеттер, айлақ құрылыстары, арналар, гидроэнергетика құрылғылары, су бетіндегі және су астындағы өту жолдары, байланыс және электр берілісінің желілері, құбырлар, су жинағыштар және басқа да гидротехникалық құрылыстар) салу мен пайдалану және оларды пайдалануға байланысты жүргізілетін жұмыстар, руда емес құрылыс материалдарын өндіру уәкілетті органның келісімінсіз жүзеге асырылады;

кеме қатынасының қауіпсіздігі мақсатында ішкі су жолдарындағы құрылыстардың кеме қатынасының қауіпсіздігі иелері навигациялық жабдықтар құралдарын, оның ішінде жүзу жабдықтары мен өзге де жабдықтарды орнатпауы;

ішкі су жолдарында пайдаланылатын, сондай-ақ салынып жатқан көпірлердің және басқа да гидротехникалық құрылыстардың иелері кемелердің, салдардың және басқа да жүзбелі объектілердің кедергісіз және қауіпсіз өткізілуін қамтамасыз етпеу;

ішкі су жолдарында пайдаланылатын, сондай-ақ салынып жатқан көпірлердің және басқа да гидротехникалық құрылыстардың иелері өз есебінен олардың кіреберістерінде қажетті су түбін тереңдету және су түбін тазалау жұмыстарын сақтамау;

ішкі су жолдарында пайдаланылатын, сондай-ақ салынып жатқан көпірлердің және басқа да гидротехникалық құрылыстардың иелері кемелердің қауіпсіз жүріп өтуі үшін

қажетті құрылыстар мен құрылғыларды дайындауға, орнатуға және күтіп ұстауға міндеттерді сақтамау;

ішкі су жолдарында пайдаланылатын, сондай-ақ салынып жатқан көпірлердің және басқа да гидротехникалық құрылыстардың иелері көтерме көпірлер қанаттарын ашуы әрі көтеру бойынша міндеттерді сақтамау;

уәкілетті органның кәсіпорындары кеме қатынасы қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін кемелерді, салдарды және өзге де жүзбелі объектілерді шлюз арқылы өткізуді жүзеге асырмау;

ішкі су жолдарында орналасқан гидротехникалық және басқа да құрылыстардың иелері тиісті шаралар қолдану үшін кеме қатынасы қауіпсіздігіне қатер төндіретін жағдайдың туындағаны туралы аумақтық бөлімшелерді уақтылы хабардар етпеу;

уәкілетті органның кәсіпорындары кеме қатынасы қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін су жолдарын кеме қатынасы жағдайында қамтамасыз ету және шлюздерді күтіп ұстау бағдарламасы бойынша мемлекеттік тапсырысқа сәйкес ішкі су жолдарын күтіп ұстамауды жүзеге асырмау;

кеме жасау өнімдерін шығару және кемелерді жөндеу бойынша қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғаларда сәйкестік құжатының жоқтығы;

кеменің меншік иесінің және (немесе) кеме иесінің кемені кеме қатынасы қауіпсіздігінің талаптарына сәйкес жүзуге дайындамауы;

кемені, егер ол Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген ішкі су көлігі саласындағы қауіпсіздікті, оның ішінде экологиялық және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормалар талаптарына сай болмаған жағдайда жүзуге жіберу;

кеме, егер ол кеме экипажының саны ол жүзуге шығатын күнгі кеме экипажының ең аз құрамы туралы белгіленген талаптардан кем болмаған жағдайларда жүзуге жіберу ;

кемеде ішкі су жолдарының навигациялық карталарының жоқтығы;

кемеде вахталық, штурмандық, адамдарды құтқарудың жалпы кеме қызметтерін ұйымдастыру жөніндегі кеме іші құжаттамасы (жағдайы, жүргізу сапасы), соның ішінде вахталар кестесі, дабылдар бойынша кестесінің жоқтығы;

кеменің (құрамның) жүзу ауданының разряды мен жағдайына, құрамдарды қалыптастырудың және жолдар габариттерінің үлгілік сызбаларына сәйкессіздігі;

жолаушылар сыйымдылығының және жүк көтерімділігінің, су бетіндегі борттың биіктігі нормаларын (жүк таңбасы бойынша) сақтамау, кемені басқару постынан көруді қамтамасыз етпеу;

кемеде жарық, көру және дыбыс сигнализациясының жоқтығы және жұмыс жасамауы;

кеме қатынасы нормалары бойынша кемеде навигациялық, штурмандық және электр радионавигациялық аспаптардың жоқтығы және жұмыс жасамауы;

кемеде ұжымдық және жеке құтқару құралдарының, пиротехниканың, авариялық жабдықтау санының белгіленген нормаларына сәйкессіздігі, оларды таңбалаудың, орналасуының және сақталуының дұрыс еместігі;

экипаждың штаттық кестеге және кеме экипажының ең аз құрамы туралы ережеге сәйкес жасақталмауы;

командалық және қатардағы құрамда тиісті лауазымдарға орналасу құқығына дипломдарының (біліктілік куәліктерінің), дипломдарға бақылау талондарының, аттестаттау туралы анықтамаларының жоқтығы;

экипаж мүшелерінің руль құрылғысы істен шыққан кезде дабыл бойынша іс-әрекет етуді білмеуі;

вахталарды атқару режимін, оқу дабылдарын өткізу және руль құрылғысы істен шыққан кезде іс-қимыл жөнінде жаттығулар жүргізудің кезеңдігін сақтамауы;

кемелер латеральді жүйелі навигациялық жабдығы бар су жолдарымен қозғалған кезде, навигациялық жағдайдың белгілерін бағытқа алмай отырып, кеме жолының шегінде жүзбеуі;

белгіленген кеме жолының шегінен тыс, сондай-ақ кеме жолы жабдықталмаған (олар кеме жүруіне жарамды болған жағдайда) су жолдарында кемелердің кеме жүрісін реттеуші органдарының келісімінсіз немесе арнайы мақсаттағы кемелердің жүзуі;

әрбір кеме қазіргі жағдайларда және ахуалдарда жүзу қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін, тиісінше және тиімді әрекеттер қабылдай алатындай әрқашан қауіпсіз жылдамдықпен қозғалу міндетін сақтамауы;

кезекші қайықтардың оларды түсіруге және көтеруге ыңғайлы жерде бес минуттан аспайтын уақыт ішінде түсіруге тұрақты дайын жағдайда орналастыруды сақтамауы;

құтқару және кезекші қайықтардың көлемі және оларға сиятын адамдардың саны анық және шайылмайтын белгілермен жазылмауы;

құтқару салдары олардың бекітпесін қолмен босатып алатындай етіп орналастырмауы;

құтқару салдарына олардың көтере алатын адамдардың саны анық және шайылмайтын белгілермен басылмауы;

теңіз кемесіндегі әрбір адам үшін құтқару дөңгелектерінің, сондай-ақ оны пайдалану талаптарының жоқ болуы,;

теңіз кемесіндегі әрбір адам үшін құтқару кеудешесінің жоқ болуы, сондай-ақ оларды сақтау талаптарының сақталмауы;

теңіз кемесі командасының әрбір мүшесі үшін гидротермокостюмнің жоқ болуы;

теңіз кемесіндегі әрбір адам үшін жылу қорғау құралының жоқ болуы;

қолайсыз жағдайлар кезінде құтқару және кезекші қайықтардың қауіпсіз түсірілуінің қамтамасыз етілмеуі және түсіріп-отырғызатын сырғымалардың қолданылмауы;

түсіру құрылғыларының шығырлары құтқару және кезекші қайықтарды пайдалану жүзеге асырылатын жағдайларда тростың босаңсуының туындауын болдырмайтын автоматты жоғары жылдамдықты қатайту құрылғысымен жабдықталмауы;

барлық құтқару құралдары әрбір он екі айда техникалық қызметтен өтпеуі; елеулі бұзушылықтарға мыналар жатады:

кемеде штат кестесі мен кемені пайдалану режимі мен экипаждың жұмысы туралы кеме иесі бұйрығының (немесе басқа құжат) жоқтығы;

шағын өлшемді кеменің кеме жүргізушісінде шағын өлшемді кемені басқару құқығына белгіленген тәртіппен куәландырылған кепілхатының жоқтығы;

тіркелмеген кемелерді олардың тұрағы үшін арналған базаларда (құрылыстарда) қоюға және сақтауға, сондай-ақ белгіленбеген жерлерде оларды арқандау;

кеменің бортында жауапкершіліктің сақтандырылуын немесе қаржымен қамтамасыз етілуін растайтын куәліктің жоқтығы;

тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру жөніндегі шарты мен полисінің жоқтығы;

кеменің Қазақстан Республикасы кеме тізілімдерінің бірінде мемлекеттік тіркеуінің жоқтығы;

кеме иесі экипаж мүшелері кемеде болған уақытта оларды азық-түлікпен және сумен іркіліссіз жабдықтаумен қамтамасыз етпеуі;

асуға батқан мүлікті көтеру тәртібі мен мерзімін сақтамауы;

кеменің меншік иесі және (немесе) кеме иесі кеме қатынасы қауіпсіздігі талаптарына сәйкес кеме экипажы мүшелерінің, басқа да қызметкерлердің дағдыларын ұдайы жетілдірмеуі;

заңды тұлғаға жататын шағын өлшемді кемені жүргізушінің жанында рейске жоспар-тапсырма, жолдық (маршруттық) парақ және т.т., тасымалданатын жүк құжаттарының жоқтығы;

Шамалы бұзушылықтарға осы тармақшалардағы өрескел және елеулі бұзушылықтарда көзделмеген, көліктік бақылау саласындағы көлік заңнамалары талаптарын бұзушылықтардың өзге түрлерінің барлығы жатады.

10. Әрбір жасалған бұзушылық үшін бақылау субъектісіне балдар беріледі:

бір өрескел бұзушылық үшін – бес балл;

бір елеулі үшін – үш балл;

бір шамалы бұзушылық үшін – бір балл.

11. Бақылау субъектілері субъективті критерийлер бойынша жасалған бұзушылықтың түрі мен санына қарай тәуекел дәрежесінің үш тобына бөлінеді: жоғары, орташа және шамалы.

Жыл қорытындысы бойынша бақылау субъектісінің жинаған балдарының саны жинақталады. Тәуекелдің шамалы дәрежесіне он баллға дейін жинаған субъектілер жатады. Тәуекелдің орташа дәрежесіне оннан жиырма баллға дейін жинаған

субъектілер жатады. Тәуекелдің жоғарғы дәрежесіне жиырма және одан жоғары балл жинаған субъектілер жатады.

12. Бір топтың ішінде бөлу мына тәртіпте жүргізіледі:

тексеру жоспарына бірінші кезекте ең көп балл жинаған бақылау субъектісін енгізеді. Бірдей балл сандарын жинаған субъектілердің ішінен тексеру жоспарына бірінші кезекте ең көп өрескел бұзушылықтар жасаған субъектіні енгізеді. Өрескел бұзушылықтардың саны бірдей болған жағдайда ең көп едәуір бұзушылық жасаған субъект енгізіледі. Едәуір бұзушылықтардың саны бірдей болған жағдайда бірінші кезекте тексеру жоспарына өткен жылда жүк немесе жолаушы тасымалын ең көп жасаған бақылау субъектісі енгізіледі.

13. Бақылау субъектілерін алдағы жылда (тоқсанда, жарты жылдықта) объективті және субъективті бағалау бойынша бөлу жылдың басталуына дейін (тоқсанда, жарты жылдықта) 20 күнтізбелік күнде жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы
Көлік және коммуникация
министрінің
2010 жылғы 17 ақпандағы
№ 91 және
Қазақстан Республикасы
Экономика және бюджеттік
жоспарлау министрінің
2010 жылғы 24 ақпандағы
№ 95 бірлескен бұйрығына
2-қосымша

нысаны

Автомобиль көлігі саласындағы тексеру парағы

Тексеруді тағайындаған орган _____

Тексеруді тағайындау

туралы акті _____

(№, күні, құқықтық статистика органында тіркелгендігі

туралы мәліметтер)

Тексеруді өткізу мерзімі _____

Тексерілетін кезең _____

Тексерілетін субъектінің атауы _____

Орналасқан мекенжайы _____

р/с №	Талап/Бұзушылық түрі	ИӘ/ЖОҚ /Талап етілмейді	Ескертпе :
1.	Автомобиль құралдарын рейс алдындағы техникалық қарап тексеруді және жүргізушілерді рейс алдындағы (ауысым алдындағы) медициналық қарап	---	

	тексеруді жүргізу үшін тиісті қызметтер мен білікті персоналдың немесе осындай қызметті жүзеге асыратын тиісті ұйымдармен шарттардың болуы мен сәйкестігі.	_ / _ / _	
2.	Таксимен тасымалдау үшін арнайы басқарылатын, соның ішінде қолмен, сондай-ақ рульдік басқаруы оң жақтағы автокөлік құралдарын пайдалану	---- _ / _ / _	
3.	Таксиде (жеңіл автокөлікте) кем дегенде төрт бүйір есіктің бар болуы.	---- _ / _ / _	
4.	Жолаушыларды автобустармен, шағын автобустармен тасымалдауға жіберілген жүргізушінің жасы кем дегенде жиырма бір, тиісті санаттағы жүргізуші куәлігі бар.	---- _ / _ / _	
5.	Жолаушылардың және багаждың автомобиль тасымалдары кезінде пайдаланылатын автобустар және шағын автобустар Экономика және сауда министрлігі Стандарттау, метрология және сертификаттау комитетінің 2001 жылғы 22 қазандағы № 378 бұйрығымен бекітілген "Жолаушылар тасымалдары бойынша автокөлік қызметтері. Жалпы техникалық шарттар" 1040-2001 ҚР СТ талаптарына сәйкес келеді	---- _ / _ / _	
6.	Қазақстан Республикасындағы автокөлік құралдарында қолданылатын тахографтар ЕСТР-дің талаптарына сәйкес келеді және Қазақстан Республикасында тахографтарды қолдануға рұқсат беретін өлшеу құралдары үлгісін бекіту туралы сертификат, сондай-ақ, олардың мемлекеттік метрологиялық бақылаудан (тексеруден) өткені туралы куәлігі немесе тексеру белгісі бар.	---- _ / _ / _	
7.	Бірыңғай түсті гаммамен ресімделген такси.	---- _ / _ / _	
8.	Қауіпті жүкті тасымалдауды жүзеге асыратын жүргізушіде сапар басталмас бұрын қауіпті жүктерді тасымалдау бойынша рейс алдында нұсқаудан өту жөнінде белгісі бар құжаттың бар болуы.	---- _ / _ / _	
9.	Алдыңғы және артқы трафареттерде тәуліктің қараңғы мезгілінде көмескі жарықтың бар болуы	---- _ / _ / _	
10.	Таксидің төбесінде орналасқан және 500 метр дейінгі қашықтықтан жақсы ажыратылатын айырымдық белгімен жабдықталуы. Айырымдық белгіде "Т" (такси) деген жазу және/немесе тәуліктің қараңғы уақытында жанып көрінетін оған тән шаршылы белбеуі бар.	---- _ / _ / _	
11.	Тасымалдаушы әрбір жүргізушінің толтырылған диаграммалық дискілерін соңғы жазылған күнінен бастап кемінде 12 ай бойы және тахографтарды тексеру туралы куәліктерді, оларды берген сәттен бастап 3 жыл бойы сақтайды.	---- _ / _ / _	
12.	Ұйымдасқан балалар тобын тасымалдауды жүзеге асыру кезінде екі және одан көп автобустардың легіне жол полициясының арнаулы автомобильдері ілесіп жүреді	---- _ / _ / _	
13.	Ұйымдасқан балалар тобын тасымалдау кемінде екі есігі бар, техникалық жай-күйі Жолаушыларды және багажды тасымалдау ережелерінде белгіленген талаптарға сай келетін автобустармен жүзеге асырылады.	---- _ / _ / _	
14.	Ұйымдасқан балалар тобын тасымалдауға арналған автобустар сары түсті шұғылалы шырақшамен жабдықталған.	---- _ / _ / _	
15.	Ұйымдасқан балалар тобын тасымалдауға арналған автобустардың алдына және артына "Балалар тасымалы" деген тану белгісі орнатылған.	---- _ / _ / _	
16.	Ұйымдасқан балалар тобын тасымалдауды жасы кемінде жиырма бестегі, тиісті санаттағы жүргізуші куәлігі және кемінде бес жыл жұмыс өтілі бар жүргізуші жүзеге асырады.	---- _ / _ / _	

17.	Ұзақтығы 150 км астам жолаушылардың және багаждың қалааралық және халықаралық тұрақты автомобиль тасымалдары маршруттарында пайдаланылатын автобустарда шалқаймалы арқалықтары бар жұмсақ отырғыштары бар. Егер маршруттың ұзақтығы 500 км артық болса, онда автобустың салонында ауыстырушы жүргізушінің орны көзделеді.	---	---
18.	Жүргізушілердің белгіленген еңбек және демалыс режимін сақтауы, оның ішінде жүргізушілердің еңбек және демалыс режимін тіркеудің бақылау құрылғыларымен (тахографтармен) жабдықталуға жататын, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тасымал түрлерін жүзеге асыратын автобустарда, жүк, оның ішінде мамандандырылған (жүктердің белгілі бір түрлерін тасымалдауға арналған) автомобильдерде тахографтардың болуы.	---	---
19.	Жүргізушілердің еңбек және демалыс режимін тіркейтін бақылау құрылғыларымен (тахографтармен) қауіпті жүктердің автомобиль тасымалдарын, жолаушылардың, багаждың және жүктердің халықаралық автомобиль тасымалдарын, жолаушылардың және багаждың тұрақты және тұрақты емес қалааралық облысаралық автомобиль тасымалдарын жүзеге асыру кезінде пайдаланылатын автобустар, жүк, соның ішінде мамандандырылған автомобильдердің жабдықталуы.	---	---
20.	Қауіпті жүктерді тасымалдауды жүзеге асыратын жүргізушіде мынадай ілеспе құжаттарының: автокөлік құралына тіркеу құжаттарының, автокөлік құралдарын Қазақстан Республикасының аумағы бойынша белгілі бір қауіпті жүктердің тасымалына жіберу туралы тиісті уәкілетті органның берген куәлігінің, қауіпті жүктерді тасымалдауға арналған "ҚЖ тасымалы" белгісі бар лицензиясының (лицензиялық карточка), "Қауіпті жүк тасымалы" белгісі бар тасымал маршрутын көрсете отырып жол парағының, Қазақстан Республикасының аумағы бойынша қауіпсіз жүк тасымалына жүргізушінің жіберілгендігі туралы куәліктің болуы.	---	---
21.	Ірі көлемді және (немесе) ауыр салмақты жүктерді автокөлік құралымен автомобиль жолдары бойынша тасымалдау кезінде арнайы рұқсат пен оның бақылау талонының болуы.	---	---
22.	Автокөлік құралының көлемдері мен салмағын ескергенде, Қазақстан Республикасының аумағында автомобиль жолдары бойынша жүру үшін белгіленген автокөлік құралдарының рұқсат етілген көлемдік және салмақтық өлшемдерінен асатын бөлінетін жүктерді автокөлік құралымен тасымалдау.	---	---
23.	Арнайы рұқсаттар мерзімінен өткенде немесе дұрыс ресімделмегенде ірі көлемді және (немесе) ауыр салмақты автокөлік құралының жүруі.	---	---
24.	Қалалық және қала маңындағы тұрақты автомобиль тасымалдары маршруттарында кемінде екі жолаушы есігі бар қалалық автобустарды (I класты), шағын автобустарды, сондай-ақ тұрақты қала маңындағы автомобиль тасымалдары маршруттарында қалааралық автобустарды (II класты) пайдалану.	---	---
25.	Автовокзалдардың өз құрамында қосымша медициналық көмек пунктіннің және дәріхана киоскісінің болуы.	---	---
26.	Жолаушылардың және багаждың автомобиль тасымалдары кезінде пайдаланылатын автобустарда, шағын автобустарда ешқандай кедергісіз ашылып және жабылатын жолаушылар салонының есіктері мен авариялық люктердің болуы. Есіктерде өткір немесе олардың бетінен алыс шығып тұрған қырлардың болмауы, жүргізушінің кабинасы мен жолаушы салонына жауын-шашынның түсуін толық болдырмайтын жабық күйдегі төбенің, авариялық люктер мен терезелердің болуы.	---	---
27.		---	---

	Автовокзалдар өз құрамында қосымша автобустарды тексеруге арналған посттарының болуы.		
28.	Белгілі бір қауіпті жүктерді тасымалдауға автокөлік құралын жіберу туралы куәлікті берілген сәттен бастап бір жыл өткенге дейін пайдалану.	---	---
29.	Автокөлік құралдарымен қауіпті жүктердің тасымалын жүзеге асыратын жүргізушілерде осы санаттағы көлік құралының жүргізушісі ретінде кемінде үш жыл үздіксіз жұмыс өтілінің болуы.	---	---
30.	Шығарылған қалдықтарында ластаушы заттардың болуы, сондай-ақ олардың жұмыс істеуі кезінде шығатын шудың деңгейі белгіленген нормативтерден асып кететін автомобильдерді, ұшақтарды, кемелерді және басқа да жылжымалы құралдарды және қондырғыларды пайдалануға шығару.	---	---
31.	Автовокзалдар мен автостанциялардың өз құрамында диспетчерлік пункттер болуы.	---	---
32.	Автобустар, шағын автобустар дәрілердің және медициналық құралдардың қажетті жинағы бар медициналық дәрісәлғышпен (автокөліктік) жабдықталған.	---	---
33.	Қауіпті жүктерді тасымалдайтын автокөлік құралдары Жол қозғалысы ережесіне және Қазақстан Республикасының стандарттау жөніндегі қолданыстағы нормативтік құжаттарына сәйкес танылу белгілерімен жабдықталуы.	---	---
34.	Жүргізушіде жүк жөнелтуші (жүк алушы) мен тасымалдаушы арасында қауіпті жүк тасымалын жүзеге асыруға арналған шарттың бар болуы.	---	---
35.	Тасымалдаушыда қауіпті жүктердің тізбесіне сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында автокөлік құралдарымен тасымалдауға жіберілетін 1, 6 және 7 кластық қауіпті жүкті тасымалдаудың әзірленген маршрутының болуы.	---	---
36.	Автокөлікте өртке қарсы инвентариясының болуы	---	---
37.	Автобустарда (шағын автобустарда) тұрақты құралдарының (башмақтардың) болуы	---	---
38.	Автобустар, шағын автобустардың авариялық аялдау белгісімен жабдықталуы.	---	---
39.	Автобустар, шағын автобустардың жол-көлік оқиғасы жағдайында шыныларды сындыру, авариялық люктерді жедел ашудың тиісті құрал-саймандарымен және оларға ақпараттық тақтайшалармен жабдықталуы.	---	---
40.	Жолаушылардың және багаждың қалааралық және халықаралық автомобиль тасымалдары маршруттарында пайдаланылатын автобустар мен шағын автобустарында багаж бөлімшелерінің болуы.	---	---
41.	Жолаушылардың және багаждың қалааралық және халықаралық автомобиль тасымалдары маршруттарында пайдаланылатын автобустар мен шағын автобустардың қосалқы доңғалақпен және домкратпен жабдықталуы.	---	---
	Жолаушылардың және багаждың қалалық және қала маңындағы тұрақты автомобиль тасымалдары кезінде пайдаланылатын автобустардың алдыңғы және артқы жақтарында маршрут нөмірі көрсетілген трафареттер орнатылған, маршруттың нөмірі ашық сары түсті фонда қара түспен жазылған (шрифттің биіктігі ең кемі 120 мм). Жедел тасымалдауды жүзеге асыру кезінде трафаретте маршрут нөмірінің астында қызыл түсті "Жедел" деген жазу бар (шрифттің		

42.	биіктігі ең кемі 60 мм), жолаушылардың және багаждың тұрақты қалалық автомобиль тасымалдарында пайдаланылатын автобустар салонының оң жағында жолаушы есіктерінің бірі жанында бағыттың нөмірі мен мемлекеттік және орыс тілдеріндегі қысқа сипаттамасы (аралық және соңғы аялдамалардың, бағыт өтетін негізгі көшелердің, қоғамдық мәні бар орындардың) бар трафарет орнатылуы тиіс. Жолаушылардың және багаждың қалалық және қала маңындағы тұрақты автомобиль тасымалдары кезінде пайдаланылатын автобустардың алдыңғы және артқы жақтарында маршрут нөмірі көрсетілген трафареттер орнатылған, маршруттың нөмірі ашық сары түсті фонда қара түспен жазылған (шрифттің биіктігі ең кемі 120 мм). Жедел тасымалдауды жүзеге асыру кезінде трафаретте маршрут нөмірінің астында қызыл түсті "Жедел" деген жазу бар (шрифттің биіктігі ең кемі 60 мм), жолаушылардың және багаждың тұрақты қалалық автомобиль тасымалдарында пайдаланылатын автобустар салонының оң жағында жолаушы есіктерінің бірі жанында бағыттың нөмірі мен мемлекеттік және орыс тілдеріндегі қысқа сипаттамасы (аралық және соңғы аялдамалардың, бағыт өтетін негізгі көшелердің, қоғамдық мәні бар орындардың) бар трафарет орнатылуы тиіс.	---	□□□□□	
43.	Балалардың ұйымдастырылған топтарының автомобиль тасымалдарына арналған автобустардың алдында және артында "Балаларды тасымалдау" деген айыру белгілері бар.	---	□□□□□	
44.	Жолаушылардың және багаждың тұрақты автомобиль тасымалдарында пайдаланылатын автобустардың салонының алдыңғы жағында мүгедектерге, зейнеткерлерге, жүкті әйелдерге және мектеп жасына дейінгі балалары бар жолаушыларға арналған орындар көзделген. Осы орындардың жанына олардың пайдаланылу мақсатын көрсететін ақпараттық тақта орнатылған.	---	□□□□□	
45.	Такси жарамды, стандарттаудың уәкілетті органдары тексерген және пломбаланған таксометрмен жаракталған.	---	□□□□□	
46.	Автовокзалдар мен автостанциялардың өз құрамында жолаушыларды отырғызуға және түсіруге, багажды тиеуге және түсіруге арналған пункт (пункттер) бар.	---	□□□□□	
47.	Автовокзалдар мен автостанциялардың өз құрамында жолаушыларға арналған күту залы (залдары) бар.	---	□□□□□	
48.	Автовокзалдар мен автостанциялардың өз құрамында жол жүру құжаттарын (билеттерін) сатуға, соның ішінде алдын ала, арналған касса (кассалар) бар.	---	□□□□□	
49.	Автовокзалдар мен автостанциялардың өз құрамында багажды сақтау камерасы (камералары) бар.	---	□□□□□	
50.	Автовокзалдар мен автостанциялардың өз құрамында қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкес персонал мен жолаушыларға санитарлық-гигиеналық қызмет көрсетуге арналған үй-жайлар бар.	---	□□□□□	
51.	Автовокзалдар мен автостанциялардың өз құрамында қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкес персонал мен жүргізушілер демалатын қызметтік үй-жайлар бар.	---	□□□□□	
52.	Автовокзалдарда қосымша анықтама бюросы бар.	---	□□□□□	
53.	Автовокзалдарда қосымша қоғамдық тамақтану пункті бар.	---	□□□□□	
54.	Автовокзалдарда қосымша ана мен бала бөлмесі бар.	---	□□□□□	
	Жолаушылар легі тәулігіне 1000 адамнан артық автовокзалдарда ана мен балаға арналған бөлменің құрамына балалардың және оларды алып жүретін	---		

55.	ересектердің демалуға арналған кереуеттері, балаларды құндақтауға арналған орны, киімдер мен заттарды сақтауға арналған шкафы бар бөлмесі кіреді.	□□□□	
56.	Жолаушылар легі тәулігіне 1000 адамнан артық автовокзалдарда ана мен балаға арналған бөлменің құрамына тоңазытқышы мен электр шәйнегі бар тамақ дайындауға және қабылдауға арналған бөлмесі кіреді.	---- □□□□	
57.	Жолаушылар легі тәулігіне 1000 адамнан артық автовокзалдарда ана мен балаға арналған бөлменің құрамына қолжұғышы және жинау керек-жарағын сақтауға арналған орны, қолға арналған электр кептіргіші немесе бір реттік сүлгісі және бала киімін кептіруге арналған шкафы бар дәретхана бөлмесі кіреді.	---- □□□□	
58.	Жүргізушілердің демалыс бөлмелерінде суық және ыстық суы бар душ бөлмесі, күндізгі уақытта демалысты қамтамасыз етуге арналған қараңғылаушы перделер бар. Бөлмелерде жүргізушілердегі құнды заттарды, сатылған билеттердің ақшасын, сондай-ақ жол жүру құжаттарының (билеттердің) бланкілері мен багаж түбіртектерін сақтау мүмкіндігі қамтамасыз етілген.	---- □□□□	
59.	Жолаушыларды отырғызу және түсіру пункттері қалқалармен жабдықталады.	---- □□□□	
60.	Жолаушыларды отырғызу және түсіру пункттері тәуліктің қараңғы мезгілінде автобустарға қалыпты отыру және олардан түсуді, багажды тапсыру мен алуды, деректемелерді оқуды қамтамасыз ететін жарықпен жабдықталуы тиіс.	---- □□□□	
61.	Жолаушыларды отырғызу және түсіру пункттері отырғызу алаңының нөмірі белгіленген автобустарға, шағын автобустарға отырғызу орындарының көрсеткіштерімен жабдықталған.	---- □□□□	
62.	Жолаушыларды отырғызу және түсіру пункттері жолаушыларды хабарландыруға арналған дыбыс колонкаларымен жабдықталған.	---- □□□□	
63.	Жолаушыларды отырғызу және түсіру пункттері отырғызу алаңдарын жүру бөлігінен қоршалған.	---- □□□□	
64.	Жолаушыларды отырғызу және түсіру пункттері мүгедек жолаушылардың отырғызу мен түсіру орындарына баруына арналған пандустармен жабдықталған.	---- □□□□	
65.	Жүктерді тиеу және түсіру пункттерінде тиеу-түсіру және қосымша жұыстарды жүргізуге арналған Қазақстан Республикасының мемлекеттік стандарттарына сәйкес келетін штаттағы және қосымша жабдық бар.	---- □□□□	
66.	Жүктерді тиеу және түсіру пункттері тиеу-түсіру жұмыстарын орындау кезінде жүктің сақталуын және жұмыс істеушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге сәйкес келеді.	---- □□□□	
67.	Жүктерді тиеу және түсіру пункттерінде кез келген ауа-райы жағдайларында автокөлік құралдарының тиеу (түсіру) орнына еркін және қауіпсіз өтуін қамтамасыз ететін кіріс жолдары бар.	---- □□□□	
68.	Жүктерді тиеу және түсіру пункттері тәуліктің кешкі және түнгі уақытында жарықтандыру Қазақстан Республикасының құрылыс нормалары мен ережелеріне сәйкес келеді және тиеу-түсіру жұмыстарын орындау қауіпсіздігін қамтамасыз етуге арналған талаптарға жауап береді.	---- □□□□	
69.	Жүктерді тиеу және түсіру пункттерінде қажетті құжаттардың сапалы және уақтылы ресімделуі мен өңделуін қамтамасыз етуге арналған жеке үй-жай бар.	---- □□□□	
70.	Жүктерді тиеу және түсіру пункттерінде телефон және басқа байланыс түрлері бар.	---- □□□□	
	Жүктерді тиеу және түсіру пункттерінде бақылау-өткізу пункттері, зертханалары, жөнелтілетін және келіп түсетін жүктің сапасы мен массасын анықтауға мүмкіндік беретін таразыға тарту және басқа жабдығы, сондай-ақ автокөлік	----	

71.	құралдарының шанақтарын тез бүлінетін жүктерді түсіргеннен кейін тазарту, жуу және дезинфекциялау бойынша жұмыстар жүргізуге арналған арнайы орындары бар.	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
72.	Жүктерді ыдыспен немесе орамамен және майда даралы жүктерді ұсақ жөнелтімдермен тапсыру кезінде жүк жөнелтуші әрбір жүк орнын мемлекеттік стандарттарға сәйкес алдын ала таңбалаған.	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
73.	Бір жүк алушыға баратын тиелген жабық жүк автомобильдерін, тіркемелерді, автокөлік құралдарының жеке секцияларын, контейнерлерді және цистерналарды жүк жөнелтуші пломбалаған, ал жәшіктердегі, қораптардағы және басқа ыдыстағы майда даралы тауарларды пломбаламаған автокөлік құралымен немесе контейнерлермен тасымалдау кезінде пломбаламаған немесе бандерольденген.	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
74.	Нақты жүк түрінің тасымалына қойылатын автомобиль көлігімен жүктерді тасымалдау ережесінің талаптарын сақтау.	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
75.	Жуу-жинау жұмыстары қажетті жуатын жабдықпен жабдықталған және қоршаған ортаның автокөлік құралдары агрегаттарының, тораптарының және бөлшектерінің тозу өнімдерімен, пайдалану материалдарымен және техникалық сұйықтықтармен ластану мүмкіндігін болдырмайтын мамандандырылған посттарда орындалады. Жуу-жинау жұмыстары, сондай-ақ автокөлік құралдары диагностикалау, техникалық қызмет көрсету және жөндеу посттарына келер алдында орындалады.	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
76.	Жолаушылардың және багаждың тұрақты автомобиль тасымалдарын жүзеге асыру кезінде пайдаланылатын автобустардың салондары, орындықтарын, тұтқаларын, терезе шыныларын және едендерін қоса алғанда, жолға шығу алдында жуғыш және дезинфекциялағыш заттарды пайдалана отырып күн сайын жуылады.	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
77.	Ауысымаралық уақытта жолаушыларды және багажды автомобильмен тұрақты тасымалдау кезінде пайдаланылатын автобустар мен таксилер, сондай-ақ жұмыс сипаты тұрақты дайындықты қажет ететін автокөлік құралдары жылытылатын жабық үй-жайларда сақталады.	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
78.	Автомобиль-тартқыш өзі мен тіркемесінің (жартылай тіркемесінің) арасындағы жалғағыш магистральдар үзіліп кеткен жағдайда автомобиль-тартқышты жұмысшы немесе авариялық тежегішпен тежеуге мүмкіндік беретін тежеу қондырғысымен жабдықталған.	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
79.	Тіркемелер (жартылай тіркемелер) автомобиль-тартқышпен жалғағыш магистральдар үзілген жағдайда олардың автоматты түрде тоқтауын қамтамасыз ететін тежеу қондырғыларымен жабдықталған.	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
80.	Тіркемелер (жартылай тіркемелер) барлық дөңгелектерге әсер ететін және автомобиль-тартқыштан ажыратылған толық салмақты тіркемені (жартылай тіркемені) кемінде 16% еңісте ұстап тұруды қамтамасыз ететін тұру тежегішімен жабдықталған.	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
81.	Ірі көлемді және (немесе) ауыр салмақты автокөлік құралында еңісте тоқтауға мәжбүр болған жағдайда оны қосымша орнықтыру мақсатында сырғуға қарсы кемінде екі тіреуіш (әр жаққа біреуден) бар.	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
82.	Автопоезд үшін оның әрбір буынына екіден сырғуға қарсы тіреуіштертен келеді.	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>
83.	Көлік құралының кабинасы екі жағынан артқы жақты көретін сыртқы айналармен жабдықталған. Айналар автокөлік құралының және тасымалданатын жүктің көлемін ескере отырып, тура да және бұрылмалы да қозғалыс кезінде жүргізушіге көлденеңінен әрі тігінен жеткілікті көруді қамтамасыз етеді.	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>	<input type="checkbox"/>

84.	Ірі көлемді және (немесе) ауыр салмақты автокөлік құралдары "Автопоезд" "Ірі көлемді жүк" немесе "Ұзын өлшемді көлік құралы" деген тану белгілермен белгіленген.	----				
85.	Жетек (кұбыр) тіркеме-ұзартылманың тіркеменің артқы көлемінен 1 метрден аса шығып тұрады.	----				
86.	Рейске шығар алдында автокөлікті тексеру үшін көру шұңқырының болуы.	----				
87.	Автовокзалдарда (автостанцияларда) жолаушыларды автобустардың қозғалысы, жол жүру мен багажды алып жүру шарттары және ұсынылатын қызметтер мәселелері жөніндегі анық, жеткілікті және уақтылы ақпаратпен қамтамасыз етуге арналған анықтамалық-ақпараттық қызметтің жұмысы ұйымдастырылған.	----				
88.	Тахографтардың диаграммалық дискілерін сақтауды ұйымдастыру.	----				
89.	Автокөлік құралдарының орналастыру және эвакуациялау жоспарының болуы	----				
90.	Автокөлік құралдарын сақтауға арналған алаңында белгілердің болуы	----				
91.	Буксирлік арқан және штанга болуы.	----				
92.	Кіру қақпаларының үстінде автокөлік құралдарының максималды рұқсат етілген вертикалды мөлшерімен жазбаның болуы.	----				
93.	Автовокзалдар мен автостанциялар облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының Облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) автовокзалдары мен автостанцияларын тізіліміне кіргізуі негізінде жұмыс істейді.	----				
94.	ТҚ-1, ТҚ-2 уақтылы өткені туралы құжаттық растауының болуы.	----				
95.	Жолаушылардың және багаждың автомобиль тасымалдары кезінде пайдаланылатын автобустарда, шағын автобустарда көруді төмендетпейтін терезе шынылар бар.	----				
96.	Жолаушылар, багаж және жүк тасымалдаушыларының Қазақстан Республикасының автомобиль көлігі туралы заңнамасына сәйкес біліктілігін және кәсіби жарамдылығын растайтын құжаттары бар	----				
97.	Тасымалдаушы жолаушыларды және багажды қалааралық облысшілік, қалалық, қала маңындағы және елді мекендерді, кенттерді, ауылдарды (селоларды) аудан немесе облыс орталықтарымен, республикалық маңызы бар қалалармен (астанамен) жалғастыратын автомобильмен тұрақты тасымалдауды ұйымдастыру шарты бойынша тасымал үшін автобустардың, шағын автобустардың шартта көзделген санын және типін (класын) пайдаланады	----				
98.	Диспетчерлік басшылық ету қозғалысты басқару, кестенің сақталуын үздіксіз бақылау және маршруттар бойынша автобустардың үздіксіз және тұрақты қозғалысын қамтамасыз ету үшін жедел реттеу, сондай-ақ технологиялық процестегі көліктің барлық түрлерімен жолаушылар тасымалдауды үйлестіру болып саналады.	----				
99.	Тасымалдаушының конкурстық ұсыныста мәлімделген автобустар санының нақты санға сәйкестігі	----				
100	Жол полициясы органдарының рұқсатынсыз жүкті тасымалдау үшін автобусты (шағын автобусты) қайта жабдықтау.	----				

101	Жолаушыларды және багажды таксимен тасымалдау тасымалдаушы мен елді мекендердің жергілікті атқарушы органдарының арасындағы жасасқан жолаушыларды және багажды таксимен тасымалдауды ұйымдастыру туралы шарттың негізінде жабдықталған жеңіл автомобильдермен, жүзеге асырылады.	---	---
102	Сусымалы жүктерді тасымалдау кезінде шымылдықтың болуы.	---	---
103	Бақылау-өткізу пунктерінің өлшеу құралдарымен жабдықталуы.	---	---
104	Қауіпсіздік техникасы бойынша сабақ өткізу үшін арналған үй-жайдың болуы.	---	---
105	Тасымалдау кезінде тамақ өнімдерімен қарым-қатынаста болатын тұлғаларды жүк жөнелтуші таза санитарлық киіммен қамтамасыз етеді.	---	---
106	Автобустардың салонында жүргізуші кабинасының (орнының) жанында маршрут сызбасының көшірмелері бар ақпарат орналасқан	---	---
107	Маусымдық тексеру автокөлік құралын көктемгі-жазғы және күзгі-қысқы кезеңдегі жұмысқа дайындау жөніндегі жұмыстарды орындай отырып жылына екі рет (көктемде және күзде) жүргізіледі.	---	---
108	Жолаушылардың және багаждың қалааралық және халықаралық автомобиль тасымалдары маршруттарында пайдаланылатын автобустарда багаж бөлімшелері бар, сондай-ақ қосалқы доңғалақпен және домкратпен жабдықталады.	---	---
109	Жүргізушіде куәліктің рұқсат қағаздары, маршруттардың сызбалары, белгілі маршрут бойынша жолаушыларды тасымалдау үшін жол парағының бар болуы	---	---

Қазақстан Республикасы
Көлік және коммуникация
министрінің
2010 жылғы 17 ақпандағы
№ 91 және
Қазақстан Республикасы
Экономика және бюджеттік
жоспарлау министрінің
2010 жылғы 24 ақпандағы
№ 95 бірлескен бұйрығына
3-қосымша

нысаны

Темір жол көлігіндегі бақылау саласындағы тексеру парағы

Тексеруді белгілеген орган _____

Тексеруді белгілеу

туралы акті _____

(№, күні, құқықтық статистика органында тіркелгендігі
туралы мәліметтер)

Тексеруді жүргізу

мерзімі _____

Тексеру кезеңі _____

Тексерілетін субъектінің атауы _____

Орналасқан мекенжайы

P/c №	Талап/Бұзушылық түрі	ИЯ/ЖОҚ /талап етілмейді	Ескертпе :
1.	Букс қызуын бақылау жүйесінің ақаулары бар жолаушылар вагондарын поездға қосу	---- _ _ _	
2.	Өрт сигнал беру жүйесінің ақаулары бар жолаушылар вагондарын поездға қосу	---- _ _ _	
3.	Радиостанцияларның (машинистпен байланыс) ақаулары бар жолаушылар вагондарын поездға қосу	---- _ _ _	
4.	Вагон асты генераторы жетегінің ақаулары бар жолаушылар вагондарын поездға қосу	---- _ _ _	
5.	Қазандық жабдықтарының ақаулары бар жолаушылар вагондарын поездға қосу	---- _ _ _	
6.	Электр жабдықтары шынжырларының ақаулары бар жолаушылар вагондарын поездға қосу	---- _ _ _	
7.	Дыбыс сигналын беруге арналған аспабының ақаулы кезінде локомотивтерді, моторвагонды және арнайы өздігінен жүретін жылжымалы құрамды пайдалануға жіберу	---- _ _ _	
8.	Пневматикалық, электр-пневматикалық, қол тежеуіштерінің немесе компрессорларының ақаулы кезінде локомотивтерді, моторвагонды және арнайы өздігінен жүретін жылжымалы құрамды пайдалануға жіберу	---- _ _ _	
9.	Тартым электрқозғалтқышының ең болмағанда біреуінің ақаулы немесе ажыратылған кезінде локомотивтерді, моторвагонды және арнайы өздігінен жүретін жылжымалы құрамды пайдалануға жіберу	---- _ _ _	
10.	Жылжу жетегінің ақаулы кезінде локомотивтерді, моторвагонды және арнайы өздігінен жүретін жылжымалы құрамды пайдалануға жіберу	---- _ _ _	
11.	Автоматты локомотивтік сигнал беруінің немесе қауіпсіздік қондырғысының ақаулы кезінде локомотивтерді, моторвагонды және арнайы өздігінен жүретін жылжымалы құрамды пайдалануға жіберу	---- _ _ _	
12.	Автотоқтатқышының автоматты локомотивтік сигнал беруінің немесе машинистің қырағылығын тексеретін қондырғысының ақаулы кезінде болған локомотивтерді, моторвагонды және арнайы өздігінен жүретін жылжымалы құрамды пайдалануға жіберу	---- _ _ _	
13.	Жылдамдық өлшегішінің және тіркеу қондырғысының ақаулы кезінде локомотивтерді, моторвагонды және арнайы өздігінен жүретін жылжымалы құрамды пайдалануға жіберу	---- _ _ _	
14.	Поездық және маневрлік радиобайланыс қондырғысының ақаулы кезінде локомотивтерді, моторвагонды және арнайы өздігінен жүретін жылжымалы құрамды, ал моторлы вагонды жылжымалы құрамда "жолаушы машинист" байланысының ақаулы, оның ішінде шынжырлы тұтқаның шынжыры үзілген және оның өзгеруі кезінде пайдалануға жіберу	---- _ _ _	
15.	Гидродемпферлерінің, аккумуляторлық батареяларының ақаулы кезінде локомотивтерді, моторвагонды және арнайы өздігінен жүретін жылжымалы құрамды пайдалануға жіберу	---- _ _ _	
16.	Автотіркегіш қондырғысының ақаулы кезінде локомотивтерді, моторвагонды және арнайы өздігінен жүретін жылжымалы құрамды пайдалануға жіберу	---- _ _ _	

